


БАТЫС ҚАРАСОР ҚҰРЫЛЫМЫНДА  
БҰРҒЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ



3

КОРОНАВИРУС ҚАУПІ:  
ӘЛЕМДЕ НЕ БОЛЫП ЖАТЫР?



5

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?



8



# Embi ТЫНЫСЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ  
30

№12 (76)  
ТАМЫЗ  
2021 ЖЫЛ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



Құрметті ембіліктер!

**Сіздерді мемлекеттік мереке –  
Қазақстан Республикасының Конституциясы  
күнімен шын жүректен құттықтаймыз!**

Мемлекетіміздің өркендеуіне үлес қосып, халықтың бірлігін, қоғамдық және рухани келісімін нығайтқан Ата Заңымыз ел егемендігі мен саяси тұрақтылықтың кепіліне айналды. Қазақ елі халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілді.

Конституция біздің тәуелсіздігімізді нығайтып, мемлекет пен жалпы қоғамда мызғымас тұрақтылықты қалыптастырды. Тәуелсіздік жылдарының ішінде Қазақстан барынша қуатты, экономикалық жағынан дамыған, саяси тұрақты мемлекетке айналды.

Ата заңымыз – еліміздің барлық жетістіктердің бастауы, құқық теңдігі мен барлық қазақстандықтарға бірдей мүмкіндіктерді беретін құндылық.

Сіздерге және сіздердің отбасыларыңызға зор денсаулық, мол бақыт, амандық, Қазақстан Республикасын өркендету жолындағы еңбектеріңізге толағай табыстар мен жетістіктер тілейміз!

Еліміздің басты құндылығы - тәуелсіздігіміз, келісім мен бірлігіміз нығая берсін. Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілейміз. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

## ҚМГ-НЫҢ 2021 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК НӘТИЖЕЛЕР

Қазақстанның тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ», «Компания») 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өндірістік нәтижелерін жариялайды.

**2020 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы негізгі өндірістік көрсеткіштер:**

	2021ж. 6 айы (ҚМГ үлесіне)	2020 ж. 6 айы (ҚМГ үлесіне)	%
Мұнай өндіру, мың тонна	10 738	11 345	-5,3%
Газ өндіру, млн м³	4 079	4 321	-5,6%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	36 949	37 328	-1,0%
Газ тасымалдау, млн м³	46 411	45 172	2,7%
Мұнай өңдеу, мың тонна	9 704	8 290	17,0%

### Көмірсутек шикізатын өндіру:

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында ҚМГ мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі өткен жылмен салыстырғанда 5,3%-ға төмендеп, 10 738 мың тонна мұнай (тәулігіне 445 мың баррель) құрады. Ілеспе және табиғи газ өндіру көлемі 4 079 млн текше метрге дейін 5,6%-ға төмендеді.

Мұнай мен конденсат өндіру, мың тонна	2021ж. 6 айы (ҚМГ үлесіне)	2020ж. 6 айы (ҚМГ үлесіне)	%
Өзенмұнайгаз	2 629	2 746	-4,3%
Маңғыстаумұнайгаз	1 445	1 526	-5,3%
Ембімұнайгаз	1 213	1 353	-10,3%
Теңіз	2 707	2 852	-5,1%
Қашаған	613	673	-8,9%
Қарашығанақ	539	562	-4,1%
Басқалар	1 591	1 631	-2,5%
<b>Жиыны</b>	<b>10 738</b>	<b>11 345</b>	<b>-5,3%</b>

Теңізде мұнай өндіру өткен жылмен салыстырғанда 5,1%-ға қысқарып, 2 707 мың тонна (тәулігіне 119 мың баррель) мұнайды құрады, ал газ өндіру 4,2%-ға артып, 1 505 млн текше метрді құрады. ОПЕК+ келісімі шеңберінде өндіруді шектеу бойынша қабылданған міндеттемелер мұнай өндірудің төмендеуіне елеулі әсер етті.

Қашағанда мұнай өндіру 613 мың тонна (тәулігіне 27 мың баррель) мұнайға дейін 8,9%-ға азайды. Табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі 7,9%-ға қысқарып, 374 млн текше метрді құрады. Өткен жылдың осындай кезеңіндегі өндірумен салыстырғанда оның төмендеуі ОПЕК+ келісімі шеңберінде өндіруді шектеу бойынша қабылданған міндеттемелермен байланысты болып отыр.

Қарашығанақта мұнай мен конденсат өндіру 4,1%-ға азайып, 539 мың тонна

(тәулігіне 23 мың баррель) құрады. Газ өндіру 1 003 млн текше метрді құрап, 2020 жылдың бірінші жартыжылдығының деңгейінен 3,9%-ға қысқарды. Өндірудің төмендеуі Орынбор газ өңдеу зауытына өңдеуге жіберілетін газды қабылдау бойынша шектеулермен байланысты, сондай-ақ осы жылдың маусым айында қоршаған ортаның температурасы жоғары болуы себебінен газды кері айдау көлемдерінің төмендеуімен байланысты болды.

Операциялық активтердегі мұнай өндіру көлемі 6 878 мың тоннаға дейін (тәулігіне 275 мың баррель) 5,2%-ға және газ өндіру 1 196 млн текше метрге дейін 8,0%-ға төмендеді. Мұнай өндіру көлемінің төмендеуі негізінен ОПЕК+ келісімі шеңберінде өндіруді шектеу бойынша қабылданған міндеттемелермен, сондай-ақ байырғы кен орындарында өндіру деңгейінің табиғи төмендеуімен байланысты.

### Мұнай мен газ тасымалдау


Газ тасымалдау, млн м³	2021ж. 6 айы (100%)	2021ж. 6 айы (ҚМГ үлесіне)	2020ж. 6 айы (ҚМГ үлесіне)	%
Интергаз Орталық Азия	31 012	31 012	30 982	0,1%
Азия газ құбыры	22 299	11 149	9 629	15,8%
Бейнеу-Шымкент Газ құбыры	6 867	3 434	3 192	7,6%
ҚазТрансГаз Аймақ	816	816	1 369	-40,4%
<b>Жиыны</b>	<b>-</b>	<b>46 411</b>	<b>45 172</b>	<b>2,7%</b>

### Көмірсутек шикізатын сату

ҚМГ-ның өзі өндірген мұнай мен газ конденсатын сату көлемі 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 5,7%-ға азайып, 10 791 мың тонна құрады, оның 64,8%-ы экспортқа шығарылды.

Меншікті өндірілген мұнай мен газ конденсатын ішкі нарыққа жеткізу 3 804 мың тонна құрады, оның ішінде мұнайды одан әрі өңдеу және мұнай өнімдерін сату үшін Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ) 2 089 мың тонна көлемінде операциялық активтердің (Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз Қазактүрікмұнай және Өріқтау Оперейтинг) шикі мұнайын жеткізу бар.

Тауар газын сату көлемі 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 2020 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2,9%-ға өсіп, негізінен ішкі нарықта тұтыну көлемінің өсуі есебінен 12 154 млн текше метрді құрады. Тауар газының экспорты 3 550 млн текше метрге жетті, оның 95%-ы Қытайға экспортталды. 2020 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда Ресей мен Қытайға жеткізу көлемдерінің азаюы салдарынан газдың тасымалдануы 16,0%-ке төмендеуі байқалады.



## ҚАЗМҰНАЙГАЗ PWC KAZAKHSTAN РЕЙТИНГІСІНДЕ КӨШ БАСТАДЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2019 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша корпоративтік есептерде қаржылық емес ақпаратты ашу бойынша 50 үздік компания рейтингісінде 1-ші орын алды. Рейтингі PwC Kazakhstan компаниясы 107 ұйым арасында өткізді. Зерттеу аясында 2020 жылы жарияланған қазақстандық компаниялардың жылдық есептері мен тұрақты даму туралы есептеріндегі ESG-ақпаратының сапасы мен қолжетімділігіне баға берілді.

Рейтингті өткізудің мақсаты – қоғам мен инвесторларға қазақстандық бизнес туралы барынша көп ақпарат беру, транспаренттілік деңгейін

арттыру және озық елдердің тәжірибесін пайдалана отырып, нарықты қарқынды дамуға ынтыландыру.

Бағалау шарттары тұрақты дамуды басқару, әлеуметтік саясат, экология және корпоративтік басқару сияқты блоктар бойынша ақпарат ашуды қамтыды. Бұдан бөлек, ақпараттың айқындылығы мен сапасына қосымша балл берілді.

«Үздік 50 компания тізімін әзірлеген кезде біз жақсы үрдісті байқадық, қаржылық емес ақпаратты ашатын ұйымдар озық әлемдік тәжірибелер мен стандарттарға ұмтылады. Шетел инвесторлары және кредиторлармен жұмыс істейтін компаниялар (экспорттаушылар, жария компаниялар және капиталында шетелдің қатысуы бар ұйымдар) ақпаратты ашу

бойынша ең үздік деп танылды», - делінген есепте.

«ҚазМұнайГаз» өзінің қызметінде тұрақты даму саласындағы ең жоғары стандарттарды ұстанады. Ұлттық компанияда әлем елдеріндегі озық тәжірибелерге сәйкес келетін корпоративтік басқару жүйесі енгізілген, мүдделі тараптармен тиімді диалог жүргізу процесі де жолға қойылған. ESG бойынша ақпаратты беру ашықтығын арттыру мақсатында компаниямыз 2012 жылдан бері GRI стандарттарына сай есебін үзбей жариялап келеді. Рейтингтегі 1-ші орын дұрыс бағытта жұмыс істеп жатқанымызды растап отыр», - деп атап өтті ҚМГ Стратегия және инвестициялар портфелін басқару департаментінің директоры Айша Түребаева.

Бүгін «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Батыс Карасор құрылымында 22 ұңғымасын бұрғылау жұмыстары басталуда. Аталған кеніште жоспарланған жұмыстарды сәтті жүзеге асыру «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай қорының көлемін арттыруға мүмкіндік бермек.

Айта кетейік, Кеңес заманында (1961-1982 жж.) бұрғыланған 3 ұңғыманы қалпына келтіру және сынау нәтижелері бойынша төменгі бор шөгінділерінің (тереңдігі 1100-1200 м) өнеркәсіптік мұнайлылығы анықталған болатын. Нәтижесінде, 2019 жылы Қаратон-Сарықамыс блогындағы геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері

бойынша тұзүсті шөгінділерінде Батыс Карасор кен орны ашылған болатын. Кен орнының жедел бағаланған мұнай қоры C1+C2 категориясының көрсеткіші бойынша 1,774 млн тоннаны құрады.

- Батыс Карасор құрылымы юра және триас қабаттарында қолайлы құрылымға ие. Юра және триас шөгінділеріндегі мұнай мен газ кен орындарын іздеу және бор қабатын (меловые отложения) барлау мақсатында жобалық тереңдігі 3500 метр болатын 22 іздеу-барлау ұңғымасы салынды, - дейді ЕМГ геологиялық барлау

жұмыстары қызметінің жетекшісі Ернұр ТАСЕМЕНОВ.

Айта кетейік, Батыс Карасор тұзүсті кен орны Қаратон-Сарқамыс блогының геологиялық тармағы маңында Теңіз кен орнының үстінде орналасқан. Осы орайда, «Тенішевстрой» ЖШС-мен ұзақ жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде бірлескен аумақта жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу тәртібі туралы шартқа қол қойылды. Шарттың талаптарына сәйкес ЕМГ 22 іздеу-барлау ұңғымасын бұрғылауды


бастауда.

Ұңғыманы бұрғылауға дайындық аясында жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан Батыс Карасор кен орнында, сондай-ақ, бұрғылау алаңында болып, мердігер мекемелердің өкілдерімен кездесіп, жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстарымен танысты.

Кездесу қорытындысы бойынша Компания басшысы жұмыстарды ұйымдастыруға, ұңғыманың құрылысын қауіпсіз және тиімді орындауға қатысты бірқатар нұсқаулар берді.




№22 ұңғыманың орналасу нүктесі



Терең сейсмикалық қималар

Құрылымдық карта



IV ОГ (кровля J3) бойынша құрылымдық карта

V ОГ бойынша құрылымдық карта

## КОМПАНИЯ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫ - АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ

Халық қалаулысы атанған ембілік мұнайшылар қатары өсуде.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ Өндірістік-техникалық бөлім бастығының орынбасары Сәкен Шарапиден Исатай аудандық мәслихатының депутаты болды.

Исатай аудандық мәслихатының кезекті IX сессиясы барысында әріптесімізге «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңға және «Nur Otan» партиясы қоғамдық бірлестігі Исатай аудандық филиалы Саяси кеңесі бюросының қаулысына сәйкес жетінші шақырылған Исатай аудандық

мәслихаты депутатының бос мандаты берілді.

Айта кетейік, Сәкен Шарапиден былтыр өткен елдің саяси өміріндегі маңызды оқиға PRIMARIES - 2020 партияшілік сайлауы кезінде онлайн дауыс беру нәтижесінде Исатай ауданы бойынша ең көп дауыс жинап, саяси белсенділігімен топ жарған болатын. Әріптесімізге 902 адам (42%) дауыс берген еді. Сөйтіп, халықаралық тәжірибеде мойындалған партияшілік іріктеу тәсілінде ең белсенді және сенімді мүшелердің қатарынан табылған болатын.

Жергілікті әкімдіктің мәжіліс залында өткен кезекті сессияның күн тәртібіне сәйкес аудан әкімі Польшмет Хасановтың

аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021 жартыжылдығының қорытындысы туралы есебі тыңдалып, кезегін күткен мәселелерді шешу бағытында аудан басшысы нақты тапсырмалар берді.

Әріптесімізге депутаттық мандат куәлігін аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Сәбит Меңдібаев табыстады.

Жиын барысында әріптесіміз өзіне артылған сенімге алғыс білдіріп, ауданның әлеуметтік дамуына, көкейкесті толғандыратын мәселелерді шешуге атсалысатынын жеткізді.

Біз де әріптесімізге саяси лауазымда сәттілік тілейміз!



## ДЕРТТІ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ - ВАКЦИНА

Биыл коронавирус пандемиясы тағы да өрши түсті. Күнделікті ғаламторды ашып қалсақ, күн сайын жүзі таныс адамдардың бақилық болып жатқанын көріп, көңіл құлазиды. Әсіресе, аға буын өкілдері көптеп зардап шегіп жатыр.

Атырауда 2021 жылғы маусым-шілде айларында вирус жұқтырғандар саны күрт өсіп, антирекорд тіркелуде. Осыдан кейін вирусты жоқ деп санап, түрлі қауесет әңгімелерге ілесетіндерге таңғаламын.

Компания басшылығы медицина саласының мамандарымен бірігіп, вакцина

туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында кен орындарына арнайы келді. Толғандырған сауалдарымызға тұшымды жауаптар алдық.

Өзімді және жақындарымды сақтаудың жалғыз жолы – вакцина. Осы мақсатта мен де екпе алдым. Өйткені, мен – даланың, жұмыстың адамымын. Вахта-

дан үйге оралғанда, өз отбасым үшін жауапкершілігімді сезінемін.

Күрделі кезеңнен аман өтейік! Амандықта болайық!

**Марат ДҮЙСЕНҒАЛИЕВ,**  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Б.Жоламанов  
кен орнының механигі



## РЕСЕЙЛІК ЕКПЕНІ ТАҢДАДЫМ

Биылғы эпидемиологиялық жағдай былтырғыдан да күрделі. Өкінішке орай, өлім жағдайы күрт өсіп отыр. Соңғы апталардағы COVID-19 статистикасы негізінде мен өз денсаулығым мен отбасымның амандығы үшін вакцина алуға ерікті түрде шешім қабылдадым. Өйткені, бұл – менің өмірім, болашағым, отбасымның амандығы!



Ресейлік Sputnik V вакцинасын таңдаудағы себебім, сонау Кеңес Одағы кезінде Н.Гамалей атындағы эпидемиология және микробиология ғылыми-зерттеу орталығы көптеген ауруларға вакцина дайындап, дерттің таралуына тосқауыл қоя білгені белгілі.

Айтпағым, Кеңес заманында кеңінен тараған 15-ке жуық жұқпалы дертті вакцина салу арқылы жеңгенімізді ұмытпағанымыз абзал. Осы жолы да аталмыш зерттеу орталығы сенім үдесінен шығып, осы вакцинаны таңдауыма себеп болды.

**Саламат ХАСАНОВ,**  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстары  
цехінің бастығы

## ОТБАСЫМЫЗДЫ САҚТАЙЫҚ...

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі эпидемиологиялық ахуал жөнінде өткізген кеңесте індет балалардың арасында да тарап жатқанын мәлімдеген болатын. Бұл, яғни, аурудың жас, мезгіл талғамайтынын көрсетеді.



Барлығымыздың отбасымыз, өміріміздің болашағы – балаларымыз бар. Олардың дендері сау, болашақтары жарқын болуы үшін жауапкершілік тек бізге артылады. Сондықтан, Whatsapp желісінде, ғаламторда бірінен-біріне тараған негізсіз әңгімелерден бойымызды аулақ ұстауға шақырамын. Ауырсаң, өзің емделесің. Отбасыңдағы бір адам сырқаттанса, шырылдап, өзің жүгіресің. Сол кезде экранның ар жағында отырып «кеңес айтушылардың» біреуі де жаныңнан табылмайды.

Атырауда инфекциялық стационарларға ауыр халде түсіп, қайтыс болып кетіп жатқандар арасында вакцина алған адамдар жоқ екендігі жиі айтылуда. Бұл вакцинаның тиімділігін көрсетеді.

Сондықтан, мен жақындарымды, өзімді індеттен сақтандыру үшін екпе алдым.

**Төлеу МҰҚАНОВ,**  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ  
Уаз, Кондыбай мұнай-газ өндіру операторы



Мен «Спутник V» вакцинасын алдым. Шынымды айтайын, бастапқыда екпе ектіруден қатты қорықтым.

Себебі, әлеуметтік желілерден түрлі ақпараттар келіп, үрейімізді ұшырды. Індет елімізде белең ала бастағанда, айналадағы адамдардың біразға жуығы ауырып, ауруханаға түсті. Өздіктерінен тыныс ала алмай, өкпені жасанды желдету аппараттарына қосылды. Олардың қиналысын көріп вирусты

жұқтырып алмау үшін барынша сақтандым.

Сол кезеңде компания басшылығының ықпалымен, медицина саласы мамандары өздері келіп, жұмыс орнынан екпе алуға жағдай жасады. Медицина қызметкерлерінің түсіндіру жұмыстарына, барлық жағдайды өз бақылауында ұстайтыны көңілімнен шықты. Сонымен қатар, жағдайымызға баса көңіл бөліп, еңбекақы сақталатын 2 күннен төрт күн демалыс беруді басшылық ұйғарған. Мұның барлығы – ұжымның саулығы, корпоративті иммунитетті қалыптастыру,

алаңсыз еңбек ету мақсатында қолға алынып жатқан шаралар екенін түсінуімді керек.

Қазіргі таңда біраз әлем елдеріне қарасақ, ол жақтағы эпидемиологиялық жағдайлар күйде екендігін көреміз. Сан мыңдаған адам өмірден өтіп жатыр. Көптеген елдің экономикасына да орасан зор зиян келуде. Біз де солардың қатарында болғанымызды қаламасақ, екпе алудан қашпайық дегім келеді.

**Тоқтар НЫҒМЕТОВ,**  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ  
«Кенбай» МГӨЦ слесарь жөндеушісі

## АЛАҢСЫЗ ЕҢБЕК ЕТУ - ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

## ИММУННЫЙ ОТВЕТ НА ШЕСТЬ РАЗНЫХ ВАКЦИН ОТ КОРОНАВИРУСА ПРОАНАЛИЗИРОВАЛИ В НУР-СУЛТАНЕ

**Крупная клинико-диагностическая лаборатория проанализировала наличие иммунного ответа у привитых от коронавируса в Нур-Султане.**

Сеть клинико-диагностических лабораторий «Олимп» проводит анализ на поствакцинальные антитела для привитых от SARS-CoV-2.

В Нур-Султане за период 7 июня - 4 августа 2021 года анализ на наличие поствакцинальных антител в КДЛ сдали 962 пациента.

Обследованные привиты шестью разными вакцинами.

Из общего количества 866 пациентов привиты вакциной «Спутник V», 58 человек - привитые Hayat-Vax, 14 пациентов - вакцинированные отечественной прививкой QazVac, 12 пациентов - привитые CoronaVac, девять человек - вакцинированные Pfizer, три человека - привитые вакциной AstraZeneca.

«По результатам исследований, антитела обнаружены у 97% привитых вакциной «Спутник V», у 90% привитых Hayat-Vax, у 79% привитых QazVac, у 92% привитых CoronaVac и у 100% привитых Pfizer и AstraZeneca. Понятно, что на данный момент выборка по пациентам не столь обширна и по мере увеличения количества обследованных показатели могут существенно измениться», - отметил генеральный директор компании Ерлан Сулейменов.

Вакцина	Количество пациентов	Наличие антител
Спутник V	866	97%
Hayat-Vax	58	90%
QazVac	14	79%
CoronaVac	12	92%
Pfizer	9	100%
AstraZeneca	3	100%



Анализ на наличие поствакцинальных антител, выполняемый лабораторией, носит название «Иммуноферментный анализ (ИФА) на определение иммуноглобулинов G к S-белку коронавируса SARS-CoV-2».

Дело в том, что после введения вакцины наш организм начинает вырабатывать антитела к S-белку коронавируса, таким образом, формируя иммунный ответ.

Обнаружение в сыворотке крови пациента антител к S-белку коронавируса говорит о формировании иммунной защиты в результате вакцинации.

Анализ на наличие поствакцинальных антител является качественным. Он отвечает на вопрос появился ли иммунитет против коронавируса благодаря прививке или нет.

В бланке результата анализа указывается коэффициент позитивности (КП) поствакцинальных антител пациента. КП выше 0,8 единицы свидетельствует о наличии иммунного ответа на вакцинацию. В дальнейшем, при повторной сдаче этого анализа, по показателю КП можно косвенно судить о динамике снижения/роста уровня иммунной защиты пациента с течением времени.

Анализ на поствакцинальные антитела проводится по прошествии определенного времени после иммунизации. Его рекомендуется сдавать через три недели после второй дозы вакцины.

МИА «Казинформ»

Бүкіл жер шарын дүр сілкіндірген коронавирус пандемиясы әлем елдерінің өміріне де елеулі өзгеріс енгізді. Жалпы, бүгінде коронавирус әлем бойынша 220 мемлекет пен аймаққа тарап кеткен. Өткен жылдың наурыз айында басталған пандемия әлі де айылын жияр емес. Газетіміздің бүгінгі санында біз әлем елдеріндегі пандемияның жағдайы туралы баяндамақпыз.

# КОРОНАВИРУС ҚАУПІ: ӘЛЕМДЕ НЕ БОЛЫП ЖАТЫР?

## «ДЕЛЬТА» ШТАМЫ АНЫҚТАЛҒАН ЕЛДЕР САНЫ 142-ГЕ ЖЕТТІ



Әлемде коронавирус жұқтырғандар қатары еселеп артуда. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сәйкес, бір аптаның ішінде «дельта» штаммы анықталған елдер саны 142-ге жетті. Ал ковидке шалдыққандар 4 процентке өсті. Қауіп жоғары 4 штамның ішінде «Альфа» мутациясы да өршіп барады. Қазір ол әлемнің 185 елінде бар. Сарапшылар бұл тенденцияны вакциналау науқанының баяу жүруімен және жаңа штамдардың тез таралуымен байланыстырады.

## АҚШ-ТА ИММУНИТЕТІ ӘЛСІЗДЕРГЕ ВАКЦИНАНЫҢ ҮШІНШІ ДОЗАСЫ САЛЫНАДЫ

АҚШ-та иммунитеті әлсіз адамдарға ковид екпесінің үшінші дозасы да берілетін болады, деп хабарлайды «Хабар 24». Бұл туралы сол елдің азық-түлік және дәрі-дәрмек басқармасы алдағы 48 сағатта мәлімдейді деп күтілуде.

Мамандардың айтуынша, екпенің үшінші дозасы қатерлі ісікпен ауыратындарға, иммуносупрессивті ем қабылдап жүргендерге немесе өзге де себептерге байланысты иммундық жүйесі тым әлсіз жандарға беріледі.

Өйткені, Дельта штаммының таралуы халықтық иммунитеттің қалыптасуына тосқауыл болып, кері әсер тигізіп жатыр дейді мамандар.

Джон Хопкинс университетінің зерттеуі бойынша, иммунитеті әлсіз америкалықтардың өзге науқастармен салыстырғанда ауруханаға түсу ықтималдылығы 485 есе жоғары екендігі анықталды.

– Бұл өзге де себептерге байланысты иммундық жүйесі әлсіз америкалықтарды ковидтен сақтау үшін жасалып отыр. «Бустер» деп аталатын екпенің үшінші дозасы өзінің ағза мүшесін трансплантациялаған адамдар үшін де қажет болуы мүмкін. Алайда екі дозалық екпенің тиімділігі әлсіз деп ойлап қалмаңыздар. Олардың тиімділігі ғылыми тұрғыда дәлелденген. Бірақ иммунитеті тым әлсіздер үшін екі доза өкінішке орай жеткіліксіз болуы мүмкін, - дейді АҚШ-тың бас санитарлық дәрігері Вивек Мурти.



## АВСТРАЛИЯ ӨЗ АЗАМАТТАРЫНА ШЕТЕЛГЕ ЕРКІН ШЫҒУҒА ТЫЙЫМ САЛДЫ



Енді тек биліктің арнайы рұқсатымен ғана елден тыс сапарлауға болады. Сонымен қатар австралиялық Мельбурнда қатаң карантин бір аптаға ұзартылды. Метрополис тұрғындарына себепсіз үйлерінен шықпауға нұсқау берілді.

## ИЗРАИЛЬ - КОРОНАВИРУСТЫ ЖЕҢГЕН АЛҒАШҚЫ ЕЛ

Израильде жаппай вакцинация биыл қаңтарда басталған. Мемлекет бұл үшін америкалық Pfizer вакцинасын сатып алған. Халыққа жақын маңнан вакцина алуға болатын жерлер айтылған SMS-хабарламалар жіберген.

Нәтижесінде халықтың басым бөлігіне вакцина салынған. Ал, елдің сол кездегі премьер-министрі Биньямин Нетаньяху Израиль COVID-19-ды жеңген алғашқы ел екенін айтқан болатын.

1 маусымнан бастап Израильде карантин жеңілдеді. Қоғамдық және ойын-сауық мекемелерінің жұмысына қойылған шектеулер алынып тасталды. Яғни, дүкен не мейрамханаға барғанда, енді коронавирусқа қарсы вакцинаны растайтын құжат сұрамайды.

- Алты айдан аз уақыт бұрын біз вакцинацияны бастадық. Денсаулық



сақтау жүйесінің керемет жұмысы арқасында біз әлем бойынша ең үздік вакцинация науқанын өткіздік. Елде вирус жұқтырудың төмен деңгейі тіркеліп, соның жемісін көріп жатырмыз, - дейді Денсаулық сақтау министрі Юлий Эдельштейн.



## ГРУЗИЯДА 4 ҚЫРКҮЙЕККЕ ДЕЙІН ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫНА ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛДЫ

14 тамыздан 4 қыркүйекке дейін Грузияда қалалық қоғамдық көліктер (қалааралық көліктерден басқа) қозғалысына шектеу қойылды, фестивальдер, ойын-сауық шаралары, концерттер мен спорттық жарыстарға (халықаралық жарыстардан басқа) тыйым салынды.

Балалар ойын-сауық орталықтарының жұмысына шектеу қойылды, тамақтану нысандары 23:00-ге дейін жұмыс істейді, той, жаназа және басқа да шаралар өткізуге болмайды, бақылау күшейтіледі. Мемлекеттік

ведомстволар мен жеке компанияларға өз қызметкерлерін қашықтан жұмыс істеуге көшіру тапсырылды.

Қаладағы қоғамдық көліктерге шектеу қойылғандықтан, вакцина алатын мекемелерге тұрақты көліктер қатынамақ. Грузия коронавирустың төртінші толқынын өткеріп жатыр. Күн сайын ауру жұқтырғандар саны төрт-бес мың адамға артуда. Грузияда пандемия басталғалы 471 мың жағдай тіркелді. 415 мыңнан астамы емделіп шықса, 6321 адам көз жұмды.

## ГЕРМАНИЯ 11 ҚАЗАННАН БАСТАП КОРОНАВИРУС ТЕСТІН ТЕГІН ТАПСЫРУДЫ АЛЫП ТАСТАЙДЫ

Германияда 11 қазаннан бастап вакцина салдырмаған азаматтар коронавирус тестін тегін тапсыра алмайды. Бұл туралы канцлер Ангела Меркель мәлімдеді. Билік тегін тестіні алып тастау халықты вакцина алуға итермелейді деп сенеді.

Күзде Германияда коронавирус індетінің төртінші толқыны болады деген болжам бар.

- Халықты толық иммундау үшін вакцина қазір бізде жеткілікті. Сондықтан бұл істі жалғастыру керек. Алайда, біз вакциналау қарқыны бойынша Еуропада әлі алдыңғы қатарда емеспіз. Елде препараттың 2 компонентін азаматтардың 55%-і алды. Десе де, «Дельта» штаммы өршіп барады. Вакцина салу науқанын жандандыру қажет, - дейді Германия канцлері Ангела Меркель.

## ВАШИНГТОНДА ШЕНЕУНІКТЕР МЕН МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ МІНДЕТТІ ВАКЦИНАЦИЯ ЕНГІЗІЛДІ

АҚШ-тың Вашингтон штатының билігі жергілікті деңгейдегі шенеуніктер үшін коронавирусқа қарсы вакциналаудан өтуді міндеттеуде. Шенеуніктер иммундаудан 2021 жылдың 19 қыркүйегіне

дейін өтуі керек. Вакцинацияланбаған шенеуніктер аптасына бір рет коронавирусқа тест тапсыруға міндетті.

Бұл шарт жұмысқа орналасу үшін қажет.


## ФРАНЦИЯДА ВАКЦИНА АЛМАҒАНДАР ШЕТЕЛГЕ САПАРЛАЙ АЛМАЙДЫ

Дүйсенбі күні Францияда белгілі бір орындарда «вакцина паспортын» көрсетуге міндеттейтін ережелер күшіне енді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Енді Франция тұрғындары дәмхана, мейрамханаға кірерде және халықаралық сапарға шығарда COVID-19 вирусына қарсы вакцинаның толық компонентін алғаны туралы ақпараты бар вакциналау сертификатын не ПТР-тестілерінің нәтижелері жазылған анықтаманы көрсетуі тиіс. Франция билігі республиканың Конституциялық кеңесі мойындаған бұл норманың вакциналауды жылдамдатып, коронавирустың «төртінші» толқынымен күресте маңызды рөл атқарады деп үміттеніп отыр. «Жасыл паспорт» - жаңа коменданттық сағаттар мен локадауларды болдырмауға көмектесуі тиіс», - деп мәлімдеді Францияның Денсаулық сақтау министрі Оливье Веран баспасөзге берген сұхбатында.

О. Веран ережелерге аздап өзгерістер енгізілгенін, атап айтқанда, ПТР-тестілер бұрынғыдай жоспарланғандай 48 сағат емес, 72 сағат бұрын жасалуы мүмкін екенін жариялады. 21 шілдеден бастап вакциналау сертификаты мәдени нысандар, театр және мұражайларға кірерде талап етіледі.

Деректер [www.kazinform.kz](http://www.kazinform.kz) және [www.24.kz](http://www.24.kz) сайттарынан алынды



Мы продолжаем знакомить вас с нефтяными обществами, которые вели поисково-разведочные работы на территории Эмбы в конце 19-начале 20 веков.

Нефтепромышленное и торговое общество «Эмба» было учреждено действительным статским советником Эммануилом Людвиговичем Нобель, статским советником Тарасом Васильевичем Белозерским и потомственным почетным гражданином Иваном Ивановичем Стахеевым и действовало на основании устава от 10.04.1912 г. Основной капитал – 6 млн. рублей был поделен на 60 тысяч акций по 100 рублей каждая. Обществу были переданы права и обязанности Стахеева и Лемана на 40 зая-



хотя ранее почта перевозилась собственными силами каждого общества, за исключением «Эмба» и «Урало-Каспийское общество», которые на тот момент уже имели соглашение и отправляли по очереди лошадей для доставки корреспонденции.

Последние два общества сотрудничали также при производстве других работ общественного характера, в том числе по обустройству дорог, что «...облегчало трудность выполнения и способствовало более успешному ходу работ».

откуда производилось управление всеми работами и размещался хозяйственный и бухгалтерский отдел. Промысловые контро-ры имелись на промыслах Доссор, Макат, Искине, Жилая коса, Каратон, Карачунгул и Плотвинской пристани.

К 1916 году общество Подсобных предприятий Эмбенского района превратилось в самостоятельную и крупную компанию. Согласно докладу Правления акционеров от 28.06.1916 г. в 1915 году общество израсходовало 432.029.96 копеек, имело валовой доход в 411.854.14 коп. и таким образом завершило отчетный период с убытком в 20.175.82 коп. Убыток был вызван обстоятельствами военного времени, ввиду возросших цен на рабочие рук, материалы и

# Как нефтяные общества на Эмбе кооперировались для добычи нефти



вочных свидетельств на производство разведок нефти в Гурьевском уезде – Уралской области в пяти урочищах – Доссор, Искине, Макат, Каратон и Карачунгуль по восьми верст в каждом урочище.

Московско-Волжское общество – был приобретён один заявочный участок в урочище Искине. Проведены подготовительные работы, пробурены скважины инструментами Стахеева, но работы приостановились.


Товарищество нефтяного производства Бр. Нобель – получило несколько заявок к западу от реки Урал на землях казачьего войска, промысел размещался у поселка Ново-Богатинск.

Западно-Уральское общество - к самостоятельным работам не приступило, передав Товариществу Бр. Нобель подряд на бурение, производство шурфовых работ и разведочного бурения в районе Ново-Богатинска.

Нефтепромышленное общество «Эмба-Доссор» - учреждено почтенным гражданином Валентином Лельковым, кандидатом коммерции Михаилом Александровичем Каном и крестьянином Владимиром Федовичем Токаревым. Основной капитал составил 1.5 миллиона рублей по 100 рублей каждая акция. Имели 16 заявочных свидетельств в Гурьевском уезде, но работы так и не начали.

Нефтепромышленные общества к 1913 году определили административным центром промыслового района город Гурьев, где помещались главная промысловая контора. В будущем планировалось перевести все конторы туда. На промыслах и в Гурьеве совместными усилиями обществ была организована медицинская помощь под руководством ответственного врача.

Разрабатывался проект совместного устройства на Доссоре почтовой станции и отделения ссудно-сберегательной кассы,



## НОВОЕ ОБЩЕСТВО, ВОЙНА И БОЛЬШИЕ ПЛАНЫ НА БУДУЩЕЕ ЭМБИНСКОЙ НЕФТИ

К 1 января 1914 года приступило к деятельности акционерное общество Подсобных предприятий, учрежденное совместно обществами «Эмба-Каспий» и «Эмба». 2000 акций были распределены между «Эмба-Каспий» и «Эмба» по 600 акций у каждого общества и по 500 акций у 16 миноритариев.

Новому обществу передали исполнение всех буровых работ и обслуживания промыслов в хозяйственном отношении. Обществу также были переданы арендные права и обстановка в доме Усложневой под здание конторы в Гурьеве, часть конторского и пристанского имущества, часть конюшни, один автомобиль и гараж на бухарской стороне. Всего на 16 тысяч 568 рублей 61 коп.

На Доссоре обществу переданы значительная часть имеющегося на складах и мастерских оборудования и материалов: лес, трубы, буровые инструменты, моторы и прочие. Всего на 185 тысяч 111 рублей.

Помимо буровых работ, общество вело производство разведочного бурения, закуп и доставку необходимого нефтепромыслового и иного оборудования и материалов. Обществу было вверено также «...исполнение тех исправлений и мелких мастерских работ, которые связаны с производством буровых работ, содержанием в исправности передвижных средств, отправкой и доставкой почты, содержанием дорог в исправности и пр.». Дополнительно обществу было передано строительство жилых домов, гаража, ледника, обще-медицинской организации, школы, кирпичного завода. Для общества «Кохида» общество Подсобных предприятий построило жилой дом, конюшню и баню из саманного кирпича.

Главная контора общества Подсобных предприятий базировалась в Гурьеве,

увеличившиеся накладные расходы. Баланс общества на 1.01.1916 г. по активу и пассиву составил - 2.978.614.44 коп.

По итогам отчетного доклада перед Правлением в 1916 году Правление запросило у акционеров разрешения покупать, закладывать разного рода недвижимое и движимое имущество, а равно арендовать и сдавать в аренду это имущество за цену, на сроки и других условиях, какие Правление найдет отвечающим интересам Общества, участвовать в торгах, входить во всякого рода соглашения и разрешить Правлению кредитоваться в размерах по его усмотрению в государственных и частных банках и у частных лиц, обходясь на случай надобности векселями.



Правление также предложило акционерам рассмотреть возможность внести изменения в устав, чтобы включить в него право вести поиски нефти и добычу нефти в Уральской области и переименовать общество в «Уральская нефть». В качестве основания приводилось, что общество имеет в составе достаточный штат опытных инженеров, техников и рабочих, а также необходимый технический и иной инвентарь, что позволяет ему, позиционировать и работать как нефтепромышленная компания.

Правление апелировало, что «...жидкое топливо в России в ближайшие годы вряд ли будет удовлетворять спрос на него со стороны многочисленных потребителей».

Общество планировало и далее развиваться в обслуживании нефтепромышленных фирм, в частности по эксплуатации нефтепровода Мапат – Доссор –Ракуша, центральной электрической станции, кирпичных заводов и других стратегических объектов.

Акционеры единодушно поддержали предложения Правления.

Лаура Сулейменова  
(продолжение следует...)



# АТА ЗАҢ - МЕМЛЕКЕТТІЛІГІМІЗДІҢ БАСТАУЫ

## ЗАҢҒА ҚҰРМЕТ - ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ



Конституцияны қорғау, оны құрметтеу – еліміздің әр азаматының парызы. Өйткені, заңға құрмет – елге құрмет. Әр ата-ана өз ұрпағына Ата Заңымыздың маңыздылығын, оның қоғамда алатын орнын үнемі түсіндіріп отыруға міндетті.

Халық өз қалауымен қабылданғандықтан бұл құжатты құптаған халықаралық ұйымдар да аз болған жоқ.

Әсіресе, әлемдегі беделді халықаралық қауымдастықтардың құп көруі тәуелсіз Қазақстанның төл Конституциясын дұрыс таңдағанын байқатты. Бүгінгі таңда Қазақстан әлеуметтік-экономикалық жағынан ТМД елдері арасында көш бастап тұрғаны белгілі. Сондай-ақ, еліміздегі саяси тұрақтылық сырт көз сүйсінерліктей жағдайда. Мұның



бәріне заң атаулының қайнар бастауы саналатын Ата Заңымыздың қосқан үлесі ұшан-теңіз.

**Айкенже ЖОЛДАСОВА,**  
**«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ**  
**Терең-Өзек мұнай және газ өндіру цехінің 4 разряд мұнай және газ өндіру операторы**

## АСА ЗОР МАҢЫЗЫ БАР ҚҰЖАТ



Қазақстан Республикасының ағымдағы Конституциясы 1995 жылы 30 тамыз күні жалпыхалықтық Референдум негізінде қабылданды және 5 қыркүйек күні өз күшіне енді. Міне, содан бері мемлекетіміздің құрылымын айғақтап, барлық Заң негіздердің бастауы болып отырған Конституция күні 30 тамыз күні мемлекеттік мереке ретінде тойланып келеді.

Мемлекеттік құрылысымызды, қоғамымызды түбегейлі жаңғыртуда бұл құжаттың аса зор маңызы бар. Азаттығымызды айқындайтын, дербес мемлекеттігімізді көрсететін кастерлі құжат. Біздің бүкіл тыныс-тіршілігіміз, өмір салтымыз, қоғамның тамыр бүлкілі – барлығы сол Заңнан бастау алады.

Барша қазақстандықтарды осынау мерекемен құттықтаймын! Еліміз тыныш, жұртымыз аман болғай! Көк байрағымыз көгімізде желбірей берсін! Ана тіліміздің мәртебесі көтеріле берсін! Денсаулықтарыңыз зор болсын! Отбасыларыңызға үлкен бақыт тілеп, еңбекте шалқар табыстарға жете берейік!

**Арман МЫРЗАҒАЛИЕВ,**  
**«Доссормұнайгаз» МГӨБ Қарсақ кен орнының технологиялық сораптар машинисі**

## ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Ата заң – бұл адамның құқықтары мен бостандығының сақталуының сенімді кепілдігі, сондай-ақ, мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Осы құжаттың арқасында біз тұрақтылық, келісім мен өркендеу жолымен болашаққа нық қадам басамыз.

Осыдан 26 жыл бұрын жалпыхалықтық референдумда қабылданған Ата заңымыз Қазақстан Республикасының зайырлы, құқықтық және біртұтас мемлекет ретіндегі базалық негізін қалады.

Конституция тәуелсіздігіміздің берік тірегіне, табысты дамуымыздың және Қазақстанның халықаралық деңгейдегі биік беделінің кепіліне айналды.

Ол еліміздің басты құндылықтары ретінде қоғамдық-саяси бірлікті, келісім мен тұрақтылықты қалыптастырды.

Саяси жүйенің тиімділігін арттыру және мемлекеттігіміздің мызғымастығын қамтамасыз ету бағытында елімізде жүргізілген конституциялық реформа жаңа жаһандық өзгерістерге жауап береді.

Конституциямыз Қазақстанның даму жолындағы жаңғыру үдерісін одан әрі іске асырудың, демократиялық бастамаларымызды нығайтудың, азаматтардың әл-ауқатын көтерудің және қоғамды біріктірудің маңызды факторы болып саналады.

Барша қазақстандықтарды осынау маңызды мерекемен құттықтап, ел экономикасын еселеудегі еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, індеттен тезірек құтылуымызды тілеймін. Аманшылық болсын!

**Темірлан БАЛАХМЕТОВ,**  
**«Ембімұнайэнерго» басқармасының 5-ші дәрежелі электр жабдықтарын жөндеу электрлігі**



## ӘРБІР АЗАМАТ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫН БІЛУІ МАҢЫЗДЫ

Мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні құтты болсын!

Негізгі Заңның қабылдануы – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі.

Егемендіктің отыз жылында Ата Заң мемлекеттік егемендігімізді, билік пен қоғам құрылымының демократиялық қағидаттарын нығайтып қана қоймай, еліміздің одан әрі дамуының бағытын айқындап берді.

Қазақстан жерінде өмір сүріп жатқан барлық азаматтардың теңдігі – Отанымыздың дамуы мен гүлденуінің басты қайнары.

Қоғамның өркендеуіне қарқын қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген конституциялық



нормалар бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Негізгі Заңның қағидаттарына сүйене отырып, Қазақстанның тұрақты дамуына жағдай, азаматтардың әлауқатының жақсаруын қамтамасыз етуге ұмтылыс жасалуда.

Біздің Атырау облысының әлеуеті зор және ең батыл жобалар мен бастамаларды жүзеге

асыруға қабілетті. Сондықтан, біз ел болашағына сеніммен қараймыз. Өйткені, Ата Заңымыз – кемел келешегіміздің кепілі.

Конституциямыздың мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, сондай-ақ, жеке өзіміз, отбасымыз бен балаларымыз үшін маңыздылығын әрқайсымыздың жете бағалауымыз қажет. Сондықтан, әрбір азамат конституциялық құқықтарын біліп, сол заңдарды ұстануы керек.

Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін! Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

**Асхат АГИСОВ,**  
**«Қайнармұнайгаз» МГӨБ**  
**Б.Жоламанов кен орны мұнай-газ өндіру бөлімшесінің бастығы**

## ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ӘЛІППЕСІ

Биыл – тәуелсіз мемлекетіміздің құқықтық іргетасын қалаудың негізгі тетігі саналатын Конституцияның қабылданғанына – 26 жыл. Жылдар ағымына сай бағамдасақ, аса көп мерзім емес. Сәйкесінше, Қазақстан Республикасының Ата Заңы әлем елдері ішінде ең жас заңдардың санатында. Десек те, адам құқықтары мен міндеттерінің өзара үйлесімділікте болуының алғышарттарын қалыптастырушы құнды құжат қоғамдағы орнын, өз өміршеңдігі мен мән-маңызын айшықтап үлгерді. Заң шығару ісінің қайнар көзі саналатын Конституцияны қорғау, құрметтеу – әр азаматтың парызы.

Конституция – ел тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарына айқындайтын негізгі құжат. Қазақстанның Ата Заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналады. Десек те, ол санаулы жылдар ішінде уақыт сынынан сүрінбей өтіп, өзінің заман талабына сай екендігін жан-жақты дәлелдеді. Тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынған да, елдің сындарлы пікірлері ескерілген негізгі заң да осы – 1995 жылы қабылданған Конституция.



атқарылатын жұмыстар бір күндік немесе бір сәттік болмауы тиіс, ол жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Өйткені, бұл – құқықтық сауаттылықтың әліппесі.

**Асылхан УТЕШЕВ,**  
**«Жайықмұнайгаз» МГӨБ**  
**Жаңаталап кен орны №3 цехінің технологиялық сорап машинисі**

## КЕМЕЛДЕНУІМІЗДІҢ БАСТЫ АЙҒАҒЫ

шарты болып қала береді.

Бабалар аманаты, кешегі Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысының» жалғасы, заңды мұрагері – біздің бүгінгі Конституциямыздың талаптарының орындалуы – мемлекет дамуы мен қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі.

Бүгінде Конституциямызға сүйене отырып, елдің дамуы үшін аянбай тер төгіп жүрген азаматта-

рымыз аз емес.

Сіздерді Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға мықты денсаулық, амандық-саулық, молшылық, ашық аспан мен Отанымыз – Қазақ елінің гүлденуін тілеймін!

**Нұрлан ТАЛПАШЕВ,**  
**«Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының пластикалық есік-терезе дайындау шебері**



Тәуелсіздік жылдарында біздің Конституциямыз өзінің кемелділігін дәлелдеді. Еліміздің Негізгі Заңы бұрынғысынша егемен Қазақстан дамуының басты

# Жаңа оқу жылы қалай өтеді?

**Жылдың басты жаңалығы - "Әліппе" қайта оралды. Ал білім беру мекемелеріне Ashyq-пен ғана кіруге рұқсат. Тексеру жүйесі балабақша, мектеп, колледждер мен университеттерде де қойылады. Бұл оқу жылының басты шарты – барлық педагог 100 пайыз вакцина салдыруы қажет.**

Жаңа оқу жылының басталуына 11 күн қалды. «Онлайн ба, оффлайн ба?» деп басын қатырып жүрген ата-аналар көкейлерінде сауалдарға жауап алды. Биылғы оқу жылында оқушылар мектепке барып оқиды.

Қашықтан оқуға әбден еті үйренген балалар биыл «1 сынып - кабинет» жүйесімен оқиды. Онда оқушылар кабинеттен кабинетке көшіп жүрмейді, тек мұғалімдері ауысып отырады. Мектеп ішіндегілер медициналық беттерде тағуы керек. Педагогтар вакцина алуға міндетті.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Үкімет отырысында жаңа оқу жылында білім беру мекемелеріне қатысты жаңа санитарлық ережелері бекітілгенін жеткізді. Құжатқа сәйкес, қашықтан оқытуға ауыстыру мектепте санитарлық-эпидемиологиялық режимнің



- Министрдің сөзінше, вакцинацияланбаған студенттер онлайн оқытуға ауыстырылады. Сонымен қатар, бұдан былай оқу мекемелеріне, кітапханалар мен жатақханаларға кірерде Ashyq қосымшасын қолдану міндетті болып табылады.

бұзылуы анықталған жағдайда, сондай-ақ, жақын байланыста болған тұлғалардың санына қарай сараланып, жүзеге асырылатын болады.

Одан бөлек, санитарлық-эпидемиологиялық іс-шараларды сақтау шарт. Бұл педагог, қызметкерлер мен ата-аналар арасында инфекция жұқтырғандарды, вакцинацияланбағандар мен байланыста болғандарды бақылау үшін қажет.

Алексей Цойдың айтуынша, педагогтар мен мектептегі қызметкерлерді вакцинациялау аяқталуға. Қазіргі уақытта өңірлік комиссиялар

- Барлық ғимаратта дезинфекциялау тұрақты жүргізіледі. Оқушылар мен студенттер, педагогтар мен басқа қызметкерлер ғимараттарға Ashyq жүйесі арқылы кіреді. Жұмыскерлердің вакцина алуына да ерекше көңіл бөлінеді. Оған қоса мектептерде қосымша ауысымдар ұйымдастырылып, "бір сынып-бір кабинет" жүйесі жұмыс істейді. Барлық буқаралық шараға тыйым салынады, - деді министр А.Аймағамбетов.



құрамымен аймақтық департаменттер жаңа оқу жылының қарсаңында мектептердің дайындығына мониторинг жүргізіп жатыр.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов те Үкімет отырысында қыркүйектен бастап оқушылар

- Биыл оқу жылында онлайн атымен жойылмайды. Оқушы немесе оның ата-анасы егер қауіпті індетке шалдығып ауырып қалса, бүкіл сынып карантинге жабылады. Шенеуніктер қазақстандықтардың барлығы вакцинаны жаппай алса, қашықтан оқу болмайды деген сенімде. Әйтпесе былтыр онлайн оқудан нашарлаған оқу үлгерімі қалыпқа келмеген. 45 минут қайтарылады. Жазғы мектептер де ұйымдастырылады.

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік басқармасы

дәстүрлі форматта оқитынын айтты.

Сонымен қатар, білім және ғылым министрі оқу форматы туралы да сөз қозғады. "Жоғарыда айтылған талаптарды сақтай отырып, балабақшаларда 20-25 баладан аспайтын топтарға штаттық режимде жұмыс істеу ұсынылады. Өз кезегінде мектептердің 1-11-сынып оқушылары мен ЖОО, колледж студенттеріне дәстүрлі түрде жүргізу ұсынылады. Әрине, барлық санитарлық талап сақталады. Денсаулығы тәуекел топтарға жататын, ата-аналары немесе өздері коронавируспен ауыратын оқушылар уақытша қашықтан оқиды", - деді ол.

ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдері бекітілді, - деп хабарлайды осы салалық веломстваның баспасөз қызметі. 2021-2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек.

Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда – 33 оқу аптасы; 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасы.

Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қараша аралығында);

қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында);

көктемгі – 12 күн (2022 жылғы 19-30 наурыз аралығында).

Бірінші сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпан аралығында).

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: ұйымдастыру бөлімі  
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

А.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалиуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

М.Русаев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директоры;

Ж.Мұханғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

А.Сүлейменова - ұйымдастыру бөлімінің қоғаммен байланыс жөніндегі менеджері.